

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мен + сен = біз

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.05.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/13609/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Серикбаева Клара Тоғамысовна

Мақсаты: бір-бірімен біріге отырып, ұйымшылдықпен, ауызбіршілікпен табысқа бірге жетуге ұмтылу.

Әдіс-тәсілі: әңгімелесу, ой тастау, пікір жалғастыру, ойын

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, қарындаш, доп

1. **Менің атым.....** мен осылай жасағанды ұнатамын. Танысу, қобалжуды жою. (Аттарын атап, өзіне ұнаған кез-келген қимылды жасайды)
2. **Орын алмасу.** Қимыл –қозғалыс арқылы сергу. (кез келген сөзді айтып соған сәйкес келген адамдар бір-бірімен орын алмасады. Мысалы: төрт баласы барлар орын алмассын т.с.с, орын жетпей қалған адам жүргізуші болып ойынды жалғастырады.
3. **Сөйлейтін қолдар** ішкі сезімдер арқылы жақындасу (екі шеңбер жасалады, ішкі және сыртқы бір-біріне қарама-қарсы тұрады, сөйлемей қолдарымен ғана қимыл жасайды) Қолдарыңызбен амандық сұрасыңыздар;

Қолдарыңызбен күресіңіздер;

Қолдарыңызбен достасыңыздар;

Қолдарыңызбен көмектесіңіздер;

Қолдарыңызбен аяушылық білдіріңіздер;

Қолдарыңызбен қуанышты бөлісіңіздер;

Қолдарыңызбен сәттілік тілеңіздер;

Қолдарыңызбен қоштасыңыздар; (талқылау: нені жасау қиын болды?)

4. **Релаксация 7 шырақ.** (Музыка қосылады, орындыққа жайланып отырып, денелерін бос ұстап, еркін сезінеміз. Алдымызда бір метр қашықтықта 7 шырақ жанып тұр. Аузымызға ауаны кең жұтып бірінші шырақты сөндіреміз, солайша барлық шырақтарды сөндіріп шығамыз.
5. **Кім жылдам?** бірлесіп қимыл-әрекет жасау (екі командаға бөлініп, айтылған пішінді үнсіз жасау қажет. Мыс: үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, әріп, сан т.б). Талқылау Қай пішінді жасау қиынға соқты? Дұрыс жасауға не көмектесті?
6. **Біз ұқсаспыз** (агрессияны шығаруға арналған: бір-біріне допты лақтырып, ұқсастықтарын айтады. Мысалы: Біз екуміз ұқсаспыз, өйткені бір ғаламшарда өмір сүріп, бір ұжымда жұмыс жасаймыз)
7. **Тек қана бірге** агрессияны шығаруға арналған жаттығу(екеуден жұптасып, арқаларын түйістіреді және жәйімен отырып, тұрады. Жұптарын алмастырады. Кіммен жұптасқанда отырып тұру оңай болды?)
8. **Қарындашты жеткіз** (қарым-қатынас икемділігін дамыту) екі адам қатарласып тұрып жерде жатқан қарындашты сұқ саусағымен екінші адамға береді және межелі жерді айналып келулері керек.
9. **Рефлексия.** «Біз тобымызға не сыйлай аламыз?». Мен өз тобыма ауызбіршілік пен сенімділік сыйлар едім. (жалғасып кете береді)

Қорытындылау

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.